

*Құжаттар тізбесі толық болып табылмайды,
өйткені нақты жағдайға байланысты қосымша құжаттар талап етілуі мүмкін*

**Заңды тұлға, филиалдар және өкілдіктер, –
Қазақстан Республикасының резиденті
ағымдағы/жинақ шоты**

1. Банктік шот ашуға өтініш (бланкті Банк береді);
2. Қолтаңбалардың үлгілері бар құжат, 2 (екі) дана (бланкті Банк береді);
3. Қол қою үлгілері бар құжатқа сәйкес ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жүргізуге арналған Клиенттің құжаттарына қол қоюға уәкілетті лауазымды тұлғаның (тұлғалардың) жеке басын куәландыратын құжаттың (құжаттардың) көшірмесі;
4. Салық және бюджетке төленетін төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның рұқсаты (мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер үшін) (сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотын, сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотына шотты, бюджеттік инвестициялық жобаның жаңартылатын шотын, іссапар шығыстары үшін шотты ашу кезінде ұсынылады);
5. Клиенттің банктік шотын жүргізуге (банктік шотындағы ақшаны басқаруға) байланысты операцияларды жасау кезінде, қолтаңбалардың үлгілері бар құжатқа сәйкес, төлем құжаттарына қол қоюға уәкілетті тұлғаға (тұлғаларға) бірінші/екінші қол қою құқығын беру туралы сенімхат;
6. Филиал/өкілдік туралы ереже (филиалдар мен өкілдіктер үшін);
7. Заңды тұлғаның филиал немесе өкілдік басшысына берген сенімхатының көшірмесі (филиалдар мен өкілдіктер үшін);
8. Қоғамдық немесе діни бірлестіктің жарғысымен және оның филиалы немесе өкілдігі туралы ережемен қарастырылған тәртіп бойынша сайланған (тағайындалған), қоғамдық немесе діни бірлестік филиалы немесе өкілдігі басшысының уәкілеттігін растайтын құжаттар (қоғамдық және діни бірлестіктердің филиалдары және өкілдіктері үшін).

**Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді
зандастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл
туралы» заңы аясында Клиентті тиісті тексеруге
қажетті құжаттар тізімі**

1. Құрылтайшылық құжаттардың көшірмесі¹ және (немесе) құнды қағаздарды ұстаушылар тізілімінен үзінді көшірме (акционерлік қоғамдар үшін);
2. Клиенттің мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өту фактісін растайтын құжаттың көшірмесі;
3. Заңды тұлғаның құрылтайшыларының жеке басын куәландыратын немесе мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өткенін растайтын құжаттардың көшірмелері (акционерлік қоғамның, сондай-ақ қатысушыларының тізілімін Орталық депозитарий жүзеге асыратын шаруашылық серіктестіктерінің құрылтайшыларының (қатысушыларының) құжаттарын қоспағанда), сондай-ақ заңды тұлғаның бенефициар меншік иелерінің жеке бас куәліктері (бенефициар меншік иесі заңды

¹ Егер Клиент Клиенттің қызметі үлгілік жарғы негізінде атқарылғанын растайтын құжатты ұсынса, жарғыны ұсыну талап етілмейді.

тұлғаның құрылтайшысы болып табылатын және акционерлер (қатысушылар) тізілімінен үзінді көшірме негізінде анықталған жағдайларды қоспағанда)²;

4. Рұқсат көшірмесі (егер клиенттің қызметі Қазақстан Республикасының «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңына сәйкес лицензиялау арқылы немесе рұқсат беру рәсімі арқылы жүзеге асырылған жағдайда);

5. Клиент - заңды тұлғаның сауалнамасы (бланкті Банк береді).

6. Клиенттің атынан сенімхатсыз іс-әрекет жасауға, оның ішінде заңды тұлғаның құжаттарына қол қоюға, ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жасауға лауазымды тұлғаның (тұлғалардың) өкілеттіктерін растайтын құжаттардың көшірмесі (Клиенттің уәкілетті органының бірінші басшыны лауазымға тағайындау туралы шешімі, Клиенттің уәкілетті тұлғасының бас бухгалтер лауазымына тағайындау туралы бұйрығы (екінші қолы болған кезде));

7. Егер Клиенттің атынан оның өкілі әрекет етсе (заңды тұлғаның лауазымды тұлғаларын қоспағанда), онда қосымша келесілер сұратылады:

Клиент өкілінің жеке басын куәландыратын құжат;

Клиенттің атынан ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жасауға, оның ішінде Клиенттің құжаттарына қол қоюға Клиент өкілінің өкілеттіктерін растайтын құжаттар.

² Меншік иелерін біріктіру талап етілмейді